

А.Т. Тлеубердинова, Б.Р. Оспанов, А.Т. Джунисова

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан  
(E-mail: tat404@mail.ru)*

## Тұтынушылар сұранысы экологиялық турөнімді қалыптастыру негізі ретінде

Сарапшылардың басым бөлігінің пікірлері бойынша, республиканың табиғи әлеуеті мен туристік инфрақұрылымының даму деңгейі қазіргі таңда Қазақстан Республикасының дамуы үшін туризмнің болашағы бар түрі ретінде экологиялық туризмді анықтады. Жұмыс мақсаты — турөнімді құрастыруға қажетті экотуристердің жалпы тұтынушылық қалауын туристік саласы дамыған Еуропа мен Америка елдерін мысал ретінде алып, анықтау. Жұмыс теориялық-эмпирикалық зерттеу болып табылады. Мақалада «экологиялық туризм» түсінігі нақтыланған, оның ерекшеліктері зерттелген. Авторлар экотуризмнің пайда болу тарихына шолу жасаған. Экологиялық туризмге деген сұраныстың артуы себептеріне түсініктеме берген. Қазақстандағы экологиялық туризмнің дамуының өзектілігін негіздеп, маңыздылығын анықтаған. Қазақстандағы экологиялық туризм дамуын ынталандыратын іс-шаралар мысалға келтірілген. Жұмыстың нәтижесі ретінде әртүрлі елдердің экотуристер қалауларына салыстырмалы талдау жасап, туристік қызметтерге деген сұраныстың жалпы сипаттамасын анықтаған. Мақалада тұтынушылардың экологиялық туризмге деген сұранысын талдау бойынша шетелдік тәжірибе қарастырылған. Халықаралық туризм тарихынан алынған экологиялық туризм дамуына кедергі келтіретін мәселелер белгіленген. Авторлар елдегі экотуризмнің дамуын белсендіру бойынша іс-шараларды белгіленген. Зерттеу нәтижелерін қолдану саласы болып туристік индустрия субъектерінің қызметі табылады.

*Кілт сөздер:* экологиялық туризм, тұтынушылар, қалаулар, экотуристер, «жұмсақ» туризм, «катаң» туризм, ұлттық парк, жаяу туризм, табиғи туризм, ерекше қорғалатын аймақтар.

Туристік қызметтен табыс көзін барлық мүдделі тараптар үшін — мемлекетке, кәсіпкерлерге, жұмысшыларға, тұрақты және қуатты түрде өсіруге жәрдемдесе отырып, Қазақстанның туристік саласының дамуы, экономиканы диверсификациялау, республика халқының өмір сүру сапасын жақсартумен және әл ауқатын көтерумен байланысты.

Қазақстанда туристік қызметті дамытудың бірден бір перспективалық бағыты экотуризм болып келе жатыр, туризмнің бұл түрі соңғы он жыл ішінде танымалдылыққа ие болып, кез келген мемлекеттің тұрақты дамуының бір құралы болып табылады. Қазіргі таңда оның жедел дамуын қамтамасыз еткен экологиялық туризмнің негізгі артықшылықтары – экотуризм саласына тартылған аймақтардың тұрақты дамуы, экотуристік бағдарламалар мен технологиялардың табиғатты қорғау сипаты, халықтың экологиялық дүниетанымын қалыптастырудың нарықтық механизмдерін қолдану.

Әлемдік туризм мониторингінің халықаралық консалтингтік тобы (International Tourism Consulting Group, World Travel Monitor Company, IPK Group), Қазақстанға келудің негізгі себебі ретінде табиғи ландшафттардың әртүрлілігі (кең далалардан қар басқан таулы шыңдарға дейін) және байырғы халқы екенін анықтады.

Қазақстанда туристер үшін келесілер тартымды болып табылады:

- ерікті/жабайы табиғат;
- тұщы және ащы көлдері бар кең дала;
- шексіз жазық пен ландшафттар;
- көшпенділер мәдениеті;
- таулар;
- табиғат тазалығы [1, 2].

Экотуризм әлеуметтік құбылыс ретінде туризмді дұрыс ұйымдастыру арқылы адамның тіршілік әрекетінің экологиялық, әлеуметтік және экономикалық аспектілерінің арасындағы тепе-теңдікті қалпына келтіру мақсатында пайда болды. Экотуризмнің дамуы жаппай туризмнің баламасы ретінде 80-жылдары басталды. 1980 жылы неміс футурологы Роберт Юнк «жұмсақ туризм» терминін енгізіп, оның қарама-қарсы өндірістік, «катаң туризм» өзгешелік қасиетін қалыптастырды. Айналымға «экотуризм» терминін бірінші болып мексикалық экономист-эколог Гектор Цебаллос-Ласкурейн 1983 жылы енгізді. Осы жылдардан бастап, экологиялық туризм бағытындағы қозғалыс дүниежүзілік мағынаға ие бола бастады [3].

Содан соң 1990 жылдары экотуризм туралы сұрақтармен ресми және нақты түрде айналысатын халықаралық экотуристтік қоғам қалыптасты (The International ecotourism society). Бүгінгі күні экотуризм тез дамып келе жатқан бағыттардың бірі болып табылады. Оның мағынасы мен тәжірибесі негізінде туристік индустрияда экологиялық технологиялар кең тарала бастады.

Мысалы, осындай технологияларды қолданатын қонақ үйлер бірлестіктері пайда болды. Көптеген ірі әмбебап туроператорлар өздерінің тұтынушыларына қосымша экотуристтік бағдарламалар ұсына бастады және өздерінің қызметтерін экологияландыра бастады. Туристтік журнал Conde Nast Traveler-мен (Conde Nast Publications халықаралық корпорациясымен шығарылатын саяхаттаушыларға арналған американдық журнал) жүргізілген сауалнамада 96 % оқырман қонақ үйлер мен курорттар олардың тұтынушыларының әсеріне ұшырайтын қоршаған ортаны қорғау туралы жауапкершілікті өздеріне алу керек деп жауап берді, ал қонақ үйді таңдауда неге жүгінесіз деген сұраққа 75 % экологиялық саясат деп жауап берді. Экотуризмнің ғаламдық маңыздылығы артуының тағы бір дәлелі болып, экотуризм кедейлікпен күресудің, қоршаған ортаны қорғаудың және тұрақты даму қағидалары жүзеге асырудың маңызды элементі ретінде мойындайтын Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы қабылдаған резолюциясы (21 желтоқсан 2012 ж.) табылады [1, 4].

Дүниежүзілік туристік ұйым (ДТҰ) мамандары экологиялық туризмді негізгі ынталандырушысы табиғатты түсіну мен бақылау, сонымен қатар табиғатқа және әлеуметтік-мәдени ортаға аз ғана кері әсер ететін табиғи аумақта бар дәстүрлі мәдениет болып табылатын туризм түрі ретінде қарастырады. Табиғи туризм белгілі бір қызмет түрін өткізуге арналған соның ішінде негізгі мақсаты болып демалыс, экстрим немесе тұтыну (мысалы, жағажайда демалу, желкенді спорты, альпинизм, аңшылық пен балық аулау) болып табылатын табиғи жағдайларды қолданатын кең ауқымды шаралар кешенін қамтиды.

ДТҰ қарамағындағы экотуризм қоғамы экологиялық туризмді экожүйенің тұтастығын бұзбайтын және жергілікті тұрғындар үшін тиімді табиғи ресурстарды қорғауды жүзеге асыратын жергілікті мәдениет пен табиғи ортаны терең түсіну мақсатында табиғи аумаққа бағытталу ретінде белгілейді. (Экотуризм қоғамдастығы. — 1994) [5].

Гектор Цебаллос-Ласкурейн бойынша, экотуризм – бұл салыстырмалы түрде бүлінбеген табиғи территориялар бойынша табиғатты және мәдени көрікті жерлерді зерттеп көріп, сүйсіну мақсатында қоршаған орта алдында жауапкершілікпен саяхаттау, бұл табиғатты қорғауға көмектеседі, қоршаған ортаға жайлы әсер етеді, жергілікті халықтың белсенді әлеуметтік, экономикалық қатысуын және сол қызметтен артықшылықтарын иемденуді қамтамасыз етеді [3].

Бұл анықтамалардың негізгі ерекшелігі — экотуристтік лектен түсетін пайданы жергілікті халыққа беру. Бұл анықтамалар тобын классикалық деп айтуға болады, себебі олар алғашқылардың бірі болып табылады. Мұндай акцент анықтамалар мен басқа тілдерде де бар, мысалы, неміс және орыс. Кейбір атақты анықтамаларды келтірейік.

Экологиялық туризм (нем. «okotourismus») минималды жағымсыз өзгеріс түрінде қоршаған ортаға және әлеуметтік-мәдени факторларға әсер ету, ерекше қорғалатын табиғи аймақты қаржыландыру және жергілікті халықтың табыс көзін қалыптастыру формасына жатады [4].

А.В.Дроздов бойынша, экологиялық туризм бес критерийге сай келу керек:

- табиғи ресурстарды қолдану арқылы табиғатқа бет бұру;
- қоршаған ортаға тиетін әсердің болмауы және минималдығы, яғни экологиялық тұрақтылық;
- табиғатпен тең серіктестік қатынас құруға және экологиялық білімге бағытталу;
- жергілікті әлеуметтік-мәдени қоғамды сақтауда қамқорлық көрсету;
- оның жүзеге асырылатын аумақтардың дамуын қамтамасыз ететін экономикалық тиімділік [6].

Сонымен, экологиялық туризмді, өзіне салыстырмалы түрде қол тимеген табиғи орындарға саяхат жасауды біріктіретін, берілген аймақтың табиғи және мәдени этнографиялық ерекшеліктері жайлы пікір алу мақсатында және экожүйенің тұтастығын бұзбай, табиғатты қорғау мен табиғи ресурстар жергілікті тұрғындар үшін тиімді болатындай экономикалық жағдайлар туғызатын туризм түрі ретінде анықтауға болады.

Қазақстан Республикасында экологиялық туризмді дамыту қажеттілігі тек қана экономикалық факторлармен ғана емес, жаңа жұмыс орындарын ашумен, алыс аймақтарда жергілікті бірлестіктерді дамытумен, сонымен қатар әлеуметтік тапсырыс бойынша, яғни жергілікті халықтың денсаулық сақтау мәселелеріне және бос уақытты пайдалануға толық, жүйелі ықпал етуді қамтамасыз етумен байланысты. Үлкен туристік әлеует үшін, Қазақстан әлемдік туризмдегі жаңа бағыт ретінде

қарастырылады. Оның негізін бірегей табиғи жағдайлар мен Еуразия орталығындағы ландшафттар, көптеген табиғи, тарихи ескерткіштер, тарихтың әртүрлі кезеңдерінде Қазақстан аумағын мекендеген халықтардың мәдени және этникалық мұрасы құрайды.

Қазақстан аумағында экотуризм дамуына бағдарланған, туристік мақсатта қолдануды реттеу мүмкін болатын 118 ерекше қорғалатын табиғи аймақтар, соның ішінде 11 мемлекеттік ұлттық парктер [7]. Соның нысандары болып табиғи, мәдени ескерткіштер, дәстүрлі мәдениет қоршаған табиғи ортамен біртұтас элементті құрайтын табиғи антропогендік ландшафттар болатынын ескерсек, экологиялық туризмнің дамуы табиғи аумақтарға тек қана қаржылық қолдау көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар оларды сақтап қалуға мүмкіндік беріп, қызығушылық туғызады.

Әдеттегідей, экотуризм негізгі факторлар болып флора, фауна және мәдени мұра табылатын аймақтарға сапар шегуді біріктіреді. Ол табиғи мекен ету орындарын тереңірек түсінуге ықпал ете отырып, білім беру арқылы қоршаған ортаны сақтауды қолдайды. Жергілікті қоғамдастықтың туристерді тұрғылықты табиғи аумақтарға тартуда қызығушылығы болуы мүмкін, себебі жергілікті халықтың әл-ауқатын жақсартуға септігін тигізеді. Бұдан бөлек, экотуризм тікелей қаржылық салымдар есебінен қоршаған ортаны қорғауға әсер етуі мүмкін.

Экологиялық туризм саласына қатысты аймақтардың тұрақты дамуы туристік инфрақұрылымды құру, жаңа жұмыс орындарын ұйымдастыру, жергілікті халықтың қызмет көрсету саласына қатысуы арқылы қамтамасыз етіледі, осының салдарынан жергілікті халықтың өмір сүру деңгейі артады және байырғы аумақта тұрақтануы жүзеге асады.

Тур бағдарламасының мазмұнын және оны ұйымдастыру түрін анықтайтын негізгі нысан бойынша, экотурлар ботаникалық, зоологиялық, геологиялық, экологиялық этнографиялық, археологиялық, экологиялық мәдени, спелеологиялық, су-тау агротурлар немесе ауылдық турлар және т.б болып бөлінеді. Сонымен қатар экотуризмді ерекше қорғалатын табиғи аумақтар шегінде және сыртында ажыратуға болады.

KINF-2015 («Туризм және саяхаттар» көрмесінің қатысушыларынан алынған сауалнамаға сәйкес) зерттеулерінің қорытындылары көрсеткендей, Қазақстанда экологиялық туризмді дамыту үшін үлкен мүмкіндіктері бар [8].

Бірақ экологиялық туризм туризмнің басқа да түрлерінен қоршаған ортаға аз әсер етуімен ерекшеленеді және аса дамыған инфрақұрылымды талап етпейді, рекреациялық туристік инфрақұрылымның көп бөлігі орнығу кезеңінде болғанына байланысты осы бағыттағы қызмет айтарлықтай қиындықтарға тап болады.

Қазақстан экотуризмнің экономикалық әлеуеті шексіз деуге негіз бар, алайда оның орнығып дамуы үшін үлкен капитал салымдары мен шығындар қажет. Экологиялық туризм үшін қажетті инфрақұрылымды құру туристерге табиғаттың бірегей аймақтарына қолжетімді болуды қамтамасыз етеді. Салымдарды және жеке капиталды тартуға, экологиялық туризм нысандары бойынша инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға жағдай жасау керек.

Экотуризмнің ойдағыдай дамуы тек қоршаған орта жағдайына оң әсер етіп қана қоймай, сонымен қатар аймақтарда шағын кәсіпкерліктің дамуына әсер етеді және сол аймақтың мәдениеті мен табиғат әсемдігі жайлы ақпарат тарату көзі болып табылады, сондай-ақ жалпы Қазақстан туризмінің дамуы әлеуеті болып табылады.

Шет елдер тәжірибесі көрсеткендей, экотуризмнің дамуына келесі факторлар кедергі болуы мүмкін:

1. Жетілмеген заңнама, ең алдымен, салық саясаты, визалық жүйелер, жер қолдану ережелері экотуризм дамуына қолайлы жағдай туғызбайды. Салықтық саясатты және жерді қолдану бойынша заңнаманы жетілдіру — шетелдік капиталды тартуға негізгі шарт.

2. Өңделмеген экотуризмді дамыту механизмдері. Бұл салаға кешенді ыңғай туғызу және оның республика мен аймақтар деңгейіндегі координациясы мемлекеттік басқару жүйесінің жетілмегендігімен қиындайды.

3. Экологиялық туризмнің ауыл шаруашылығы, орман өнеркәсібі, тау-кен индустриясы, көлік, спорт, курорттық қонақ үй индустриясы, денсаулық сақтау және тағы басқаларымен қосылып аймақтық әлеуметтік экономикалық даму жоспарына біріктіруді қарастыратын бірегей стратегиялық тұжырымдаманың болмауы.

Аталмыш шаралар Қазақстанның табиғи әлеуетін ескеретін, ғаламдық туристік нарықта бәсекелесе алатын толыққанды экотуристік өнімді құрастыруға мүмкіндік береді.

Бірнеше жыл бұрын Қазақстандағы экотуризм мәселелерімен айналысатын отандық сарапшылар туристік өнімнің осы түріне деген қызығушылық жалпы әлеуеттің 60 % құрайтынын айтқан, бұл абсолютті түрде 9 млн адамды құрайды. Қазіргі таңдағы көрсеткіштер белгісіз, атап айтсақ, әлем бойынша экотуризм қызметтері нарығының көлемі жыл сайын 20-30 %-ға артады [1].

Дүниежүзілік туристік ұйым зерттеулерінің қорытындылары бойынша, экотурлардың басты себептері болып қоршаған табиғаттан ләззат алу, жаңа әсер алу және сол орынға қайта бару, сондай-ақ жету орнының «жаңашылығы». Барлық танымал бағыттар паркте жұмыс істеу (жабайы табиғатты тамашалау, жорық, бір күндік сапарлар мен судағы шаралар) тәжірибесін алумен байланысты.

Жаяу жүру туризмі Канаданың барлық экотуристері үшін негізгі саяхат болып табылады, содан кейін олардың жартысынан астамы үшін әртүрлі су шаралары (каное, каякинг, рафтинг және парус спорты) және велосипедпен жүру. Сонымен қатар кейінгі сауалнама жабайы табиғаттағы жорықтар мен альпинизм – соңғы 2 жылда саяхат жасаған (29 %) экотуристерді ең қызықтыратын таза ауадағы басты шара болып табылатынын көрсетеді және алдағы 2 жылда 27 %-ға өсуі ықтимал [9].

Мысалы, Канадада, парктерге барып, қайтып келе жатқан халықаралық туристер арасында өткізілген сауалнама экотуристердің жартысынан астамы (56 %) отель / мотельдерде тұрақтағанын көрсетті. Сәйкесінше канадалық экотуристер, өздерінің өткен және алдағы сапарлары үшін отель / мотельдерді таңдайды. Дәстүрлі орналастыруға деген салыстырмалы жоғары сұраныстың болуы бірнеше факторлармен байланысты екенін атап өткен жөн, олар: респондентте балама «оқиғаның» болмауы; жету орнында қолжетімді орналастыру диапазоны; «қауіпсіз» орындарда қалуды қалау [10].

Канадалық экотуристердің шамамен жартысы кәдімгі қонақ үйде орналасуды қалайды, бірақ айтарлықтай көлемі (шамамен жартысы) табиғатпен байланысты (мысалы, шатырлар, каюта) тұрғын жайды қалайды. Бұдан басқа көптеген жауаптар жалпылама сипатта болды, бұл экотуристер таңдауының икемділігінің белгісі. Орналастыру бойынша фокус топтағы экотуристердің талаптары келесідей:

- жоғары сапа болуы керек;
- таза, тұруға жайлы шағын үй;
- бөлек жатын бөлмелермен;
- бөлек санитарлық бөлмелермен;
- түскі ас және бар сервисімен.

Экотуристер фокус топ қатысушылары өздері үшін маңызды саяхат белгілеріне баға берді.

Тәуелсіз саяхаттаушылар үшін екі ең маңызды артықшылық болып түсіндіру тәжірибесі, жабайы табиғатта және алыс аймақтарда өмір сүру және үйрету болып табылады. Солардан кейін жергілікті мәдениет пен өнімдерді тану болды. Сараланған басқа міндеттеріне келесілер енеді:

- 1) жабайы / алыс аймақтарды бақылау;
- 2) түсіндірмелі / оқу тәжірибесі;
- 3) жергілікті мәдениетпен және азық түлікпен таныстыру;
- 4) табиғатта демалу;
- 5) жабайы табиғатты бақылау;
- 6) байырғы халықтар мәдениетімен өзара қатынасу;
- 7) жергілікті парктер / қорғалатын аймақтар;
- 8) таза ауадағы іс-шаралар;
- 9) сақтауға жәрдемдесу;
- 10) жергілікті қоғамдастықтың дамуына жәрдемдесу;
- 11) таңсық дүниелермен танысу;
- 12) қызықты тұлғалармен қарым-қатынас құру;
- 13) тәжірибелі операторлар;
- 14) салтанатты тұрғын жайлар [11].

Экотуристердің қалаулары өздерінің тұрғылықты жерлерімен ғана шектелмейді. Мысалы, Қытай экотуристерінің басты бағыты болып Африка елдері табылады.

Соңғы жылдары қытайлық шығу туризмі нарығындағы шығу туризмі өнімінің құрылымы біршама өзгеріске ұшырады. Қытай саяхатшылары жоғары сапалы турларды қалайды, және бір немесе екі ел аумағындағы тереңдетілген турларға сұранысы артуда. Тереңдетілген турлармен салыстырғанда, бірнеше елді қамтитын, көрікті жерлерді тамашалау тұрақты маршруттарына деген сұраныс азайып бара жатыр [12].

Қытай – кең аймақты және экономикалық дамуы әркелкі ел. Бейжің, Шанхай, Гуандун және айналасындағы дамыған аудандар нарық көздерінің бірінші деңгейіне жататын шет елге саяхаттаушы туристердің негізгі көзі болып табылады; Ханчжоу, Нанкин, Харбин, Шэньян, Далань, Чэнду, Ухань сияқты аудандар және көбірек дамыған провинция қалалары нарық көздерінің екінші деңгейіне жатқызылады; дамушы аудандардың басқа да қалалары нарық көздерінің үшінші деңгейіне жатады. Африка елдері үшін олардың маркетингі мен жылыжытуы қазіргі таңда нарықтың бірінші деңгейінде шоғырланып, біртіндеп нарықтың екінші деңгейіне таралуы тиіс [13].

Қытай үкіметінің статистикалық мәліметтеріне сәйкес, Қытайдан Африка елдеріне алғашқы келу орны ретіндегі сапарлар жыл сайын 4,5 есеге өсуде. Африка елдеріне баратын кейбір Қытай туристері статистикаға енгізілмеген басқа да мақсаттармен баратынын атап өткен жөн. Осылайша, Қытайдан Африка елдеріне шығудың жалпы саны жоғарыда атап өтілген саннан әлдеқайда артық деуге болады [14].

Африка елдеріне келетін Қытай туристерінің көбісі Мысыр, Оңтүстік Африка және Кения секілді бағыттарға қызығады. Жалпы Қытай туристік агенттері ұйымдастырған Африка елдерінің алғашқы ондығына Мысыр, Оңтүстік Африка, Кения, Марокко, Намибия, Маврикий, Зимбабве, Сейшел аралдары, Танзания және Эфиопия кіреді. Осының ішінде басқа да Африка елдерімен салыстырғанда Қытай саяхатшылары Мысыр мен Оңтүстік Африкада басым. Қытай азаматтары Африка жайлы көбірек хабардар бола бастағаннан, Қытай мен Африка арасындағы ұшу бағыттары кең өріс ала бастағандықтан, Африкадағы қытай туристерінің саны артты, әсіресе 2006 жылы өткен «Бейжіңдегі әріптестік бойынша Қытай Африкалық форумынан» кейін Қытай азаматтары Африка елдері төңірегінде көптеп саяхаттай бастады. Бос уақыт нарығының өсуі өте маңызды [15].

Африка елдеріне баратын қытай саяхатшыларының екі негізгі категориялары болып келесілер табылады:

1. Саяхаттауда үлкен тәжірибеге ие туристері, Еуропа мен Австралияға саяхаттаудан соң Африка елдерін таңдаған немесе әрқилы Африка тарихы, мәдениеті мен дәстүрлеріне қатысты ерекше қызығушылық танытатын туристер.

2. Сонымен қатар Африка елдеріне баратын ресми / іскерлік саяхатшылар туристік ағымдардың маңызды тобын құрайды.

Қытай саяхатшыларын қызықтыратын Африка елдерінің негізгі көрікті жерлері болып әсем табиғи ландшафттар, көне тарихи және мәдени ескерткіштер, сонымен қатар таңғажайып жабайы табиғаты, дәстүрлері мен мәдениеті табылады [16].

Қытайлықтардың басым бөлігі Африка жайлы мағлұматы аз; олар Африканы біртұтас бағыт ретінде қарастырып, түрлі Африка елдерінің арасындағы айырмашылықты байқамайды. Кейбір саяхатшыларда әртүрлі елдерге қатысты қилы ойлар қалыптасқан, мысалы, Мысыр – көне өркениетті ел, Оңтүстік Африка – жоғары модернизацияланған аса дамыған ел, ал Кения – қарапайым және жабайы [17].

Қытай саяхатшыларының Африка елдеріне сапар шегуі кезіндегі талаптары мен күтетін әсерлері келесідей: Африка елдері жайлы көбірек мағлұмат алу (әсіресе қытай тілінде); қытай мен африка елдері арасындағы тікелей рейстердің ашылуы мен артуы; Африкаға сапар шегу кезіндегі қытай саяхатшыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету; қытай саяхатшыларына сәйкес келетін туристік қызметтерді ұсыну, мысалы, қытай тіліндегі кәсіби гидтер; таза әрі жайлы номерлерде орналасу; қытайлықтардың талғамдарына сай азық түлікпен қамтамасыз ету және т.б.

Сонымен қатар қытай экотуристерін Африкаға саяхаттауын тежейтін бірнеше факторлар бар:

- Африка нарығы жайлы жеткілікті мағлұматтың болмауы;
- арақашықтықтың алыстығы, ұшу уақытының ұзақтығы, шектеулі рейстер мен тікелей рейстердің аздығы;

- жағымсыз жарнаманың көптігі және қауіпсіздік пен денсаулық мәселелері;

- көліктің қолжетімсіздігі және Африканың көптеген елдерінде туристерді қабылдау мүмкіндігінің біркелкі болмауы.

- Африка туристік өнімінің бағасы Еуропа, Австралия және Америка секілді басқа да алыс маршруттармен салыстырғанда артықшылықтың болмауы;

- Қытай нарығындағы тауарлардың Африка елдері нарығындағы тауарлармен сәйкес келмеуі, нәтижесінде көптеген тауарлар жаппай нарыққа бағдарланып, Қытай тұтынушылары талаптарының түрлі деңгейін қанағаттандыра алмайды. Африка елдерінің жергілікті өнімдері қытай талғамдарына сәйкес келмейді [18].

Түрлі елдер экотуристерінің ерекшеліктері мен талғамдарына салыстырмалы талдау жасауға болады (кестені қара). Берілген кестеде Германия, АҚШ, Канада, Қытай елдер экотуристерінің

ерекшеліктері мен талғамдарына салыстырмалы талдау жасалған. Олардың өлшем шарттары болып саяхат себебі, ұзақтығы, мақсатты топтары, талап етілетін тұрғын-жайлары, жастық тобы, әлеуметтік жағдайы болды.

К е с т е

**Мемлекеттерді өлшемшарттары бойынша салыстыру**

Мемлекеттер	Өлшемшарттары					
	Саяхат себебі	Ұзақтығы	Мақсатты топтар	Талап етілетін тұрғын-жайлар	Жастық топ	Әлеуметтік жағдайы
Германия	Табиғатты сақтау, жергілікті тұрғындардың өмір салты және салт-дәстүрімен танысу; табиғатты бақылау	Ел ішінде — 1 аптадан аз; Еуропа елдері ішінде — 2 апта шамасында; дүние жүзі бойынша — 3 апта және одан да көп	Төменгі табыс деңгейлі жастар (26 %); 60 жастан асқан зейнеткерлер (29 %); орта жастағы жоғары білімді азаматтар (14,7 %); орта жастағы және (30-59) жас шамасындағы орта немесе жоғары білімді азаматтар (30 %)	50 % жергілікті тұрғындардың үй-жайы; 30 % арнайы қонақ үйлер; 20 % табиғат аясында түнеу	14-19 және 30-59 жас аралығындағы азаматтар	Жоғарғы білімді және жоғары табысты азаматтар; көбінесе мұғалімдер
АҚШ	Жабайы табиғатты тамашалау, аң аулау, археологиялық ескерткіштерді аралау, жергілікті халықтың тұрмыс-салтымен танысу, құстарды бақылау	Ел ішінде — 12 күн шамасында, шетелдерге — 17 күн	54 % ер адамдар; көбінесе жоғарғы білімді және жоғары табысты азаматтар	50 %-дан көбі арнайы қонақ үйлерді тандайды	35-54 жас аралығы — 42 %; 18-34 жас аралығы — 34 %; 18 жасқа дейін — 14 %; 55 жастан жоғары — 10 %.	Көбінесе 42,4 % инженерлер, 19,8 % менеджерлер
Канада	Су іс-шаралары (каноз, каякинг, рафтинг) табиғатта велосипед тебу, туристік жорықтар, ашық табиғаттағы альпинизм	Ел ішінде — 2 аптаға жуық, шетелдерге — 2 аптадан көп	50 % жоғары білімді азаматтар	56 % қонақ үйлерді тандайды, 44 % басқа түнеу орындары	25-54 жас, 45-74 жас аралығындағы азаматтар	Үйленген азаматтар — 44 %; балалы отбасылар — 38 %
Қытай	Жабайы табиғатты бақылау, жергілікті халықтың тұрмыс-салты мен дәстүрімен танысу	Ел ішінде — 10 күн, шет елдерге — 2 аптаға жуық	58 % жоғары білімді азаматтар	60 %-дан көбі арнайы қонақ үйлерді талап етеді	20-35 жас аралығы 62 %, 36-54 жас аралығы — 38 %	Жоғарғы білімді, жоғары табысты азаматтар

*Ескерту.* Авторлармен [1, 8, 9, 12] әдебиеттері негізінде құрастырылған.

Әрбір елдің экотуристерінің саяхат себебі әртүрлі. Мысалы, Германияда — табиғатты сақтау, жергілікті тұрғындардың өмір салты және салт-дәстүрімен танысу; табиғатты бақылау болса, АҚШ

елінде жабайы табиғатты тамашалау, аң аулау, археологиялық ескерткіштерді аралау, жергілікті халықтың тұрмыс-салтымен танысу, құстарды бақылау. Сонымен, Канада елінде экотуристер аса зор мәнді су іс-шаралары мен велосипед тебуге, туристік жорықтар жасау мен ашық табиғаттағы альпинизмге берсе, Қытай елінде жабайы табиғатты бақылау мен жергілікті халықтың тұрмыс-салты мен дәстүрімен танысуға көңіл бөледі. Жалпы алғанда, экотуризмнің негізгі себебі — табиғат. Алайда жаңа тәжірибе жинау, яғни жаңа мемлекеттің тұрмыс-салтымен танысу да экотуристер үшін өте маңызды екенін байқауға болады. Экотуристердің табиғаттағы белсенді іс-әрекеті туристік жорықтар, альпинизм, аң аулау, су-спорт түрлерімен айналысу және тағы басқалары болып табылады. Ұсынылатын тұрғын-жайлардан көбінесе арнайы қонақ үйлер, содан соң экотуризмге тиесілі арнайы шатырлар, шағын үйлер сұранысқа ие. Экотуризм басқа туризм түрлері сияқты, қомақты қаржыны талап етпесе де, жоғарғы білімді, жоғары табысты және орта жастағы адамдар арасында көп қолданылады.

Экотуристердің бұл туризм түріне жұмсауға дайын уақыты әр елде әртүрлі. Мысалы, Германияда ел ішінде туристер 1 аптадан аз уақыт жұмсауға дайын болса, Еуропа елдері ішінде 2 апта шамасында және дүние жүзі бойынша 3 апта және одан да көп уақыт жұмсауға дайын, АҚШ-та ел ішінде 12 күн шамасында, шетелде 17 күн жеткілікті деп санайды, Канадада ел ішінде 2 аптаға жуық, шетелде 2 аптадан көп деп ойласа, Қытай ел ішінде 10 күн, шетелде 2 апта жеткілікті деп санайды. Бұл туризм үшін әр елдің азаматтары 7–14 күн шамасында уақыт жұмсауға дайын. Экотуризмге жылдан жылға әртүрлі жастағы азаматтардың қызығушылығы артуда [18].

Экотуризмнің мақсатты топтарына тоқталсақ, Германия елінде экотуризмге көбіне зейнеткерлер (29 %) және орта жастағы және (30–59) жас шамасындағы орта немесе жоғары білімді азаматтар (30 %) қызығатын болса, АҚШ-та 54 % ер адамдар; көбінесе жоғары білімді және жоғары табысты азаматтар болып табылады. Ал Канада елінде 50 % жоғары білімді азаматтар және егде жас адамдары көбірек, яғни сұраныс егде жас адамдары арасында басымырақ. АҚШ экотуризмге көп уақыт бөлуші елдер қатарына жатқызылады. АҚШ азаматтары бұл саяхат түріне 17 күнге дейін уақыт бөлуге дайын екенін көрсетті [3; 9].

Экотуристердің тұрғын-жай өлшем шарттары бойынша жауаптары келесідей: Германия 50 % жергілікті тұрғындардың үй-жайы; 30 % арнайы қонақ үйлер; 20 % табиғат аясында түнеу; АҚШ 50 %-дан көбі арнайы қонақ үйлерді таңдайды; Канада 56 % қонақ үйлерді таңдайды, 44 % басқа түнеу орындары; Қытай 60 % дан көбі арнайы қонақ үйлерді талап етеді. Жалпы алғанда экотуристер көбіне қонақ үйлерде түнеуді қалайды, тек Германия экотуристері, нақтырақ 20 %-ы, табиғат аясында түнеуді қалайды.

Қорыта келсек, экотуризм — бұл табиғаттың адам аяғы баспаған, табиғаты өзгеріске ұшырамаған табиғат аймақтарына серуендеу болып табылады. Бұл экотуристердің негізгі мақсаты — қоршаған ортаны сақтау, жергілікті халықтың қал-жағдайын жақсартуға бағытталған туризм түрі. Бұл саяхат түрінің мақсаттары өте көп, яғни әр жас ерекшеліктері, әлеуметтік жағдайы әртүрлі саяхат себептерін таңдауға себепші болады. Экотуризм терминін алғаш рет АҚШ, Калифорния штатының Беркли жоғарғы оқу орынының академигі Клаус-Дитер (Nick) Хетцер 1965 жылы енгізіп, алғашқы экосаяхатты 1970 жылдардың басында Юкатан түбегіне жүргізген болатын. Сол кезден бастап әлемде осы туризм түрі қолданылып, дамып келе жатыр [3].

Қазіргі таңда еліміздің азаматтары арасында да бұл туризм түрі танылып, жылдан жылға сұраныс артуда. Сондай-ақ Қазақстанда экологиялық туризмді дамыту саласында турбизнес өкілдерін және экотуризм дамуында қызығушылық танытқан өкілдерді біріктіретін 20-дан астам үкіметтік емес ұйымдар мен туристік ұйымдар қызмет атқарады. Және үлкен артықшылық болып табылатын 2023 жылға дейінгі туризмнің даму тұжырымдамасы құрастырылған, онда табиғи ерекше қорғалатын аумақтарда экологиялық туризмді дамыту бойынша мемлекеттік бағдарлама қарастырылған.

Біздің ойымызша, Қазақстанда экологиялық туризмнің дамуын ынталандыру үшін келесідей іс-шараларды жүзеге асыру қажет:

– ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда экологиялық инфрақұрылымын құру мақсатында инфрақұрылымды дамытудың негізгі жоспарларын құрастыру бөлімінде мемлекеттік ұлттық табиғи парктер мен мемлекеттік табиғи резерваттардың техникалық, экономикалық негіздемесіне түзетулер енгізу;

– ақпарат тарату және экологиялық туризмді дәріптеу;

– қонақ үйлерді құру кезіндегі энергияның баламалы көздерін және экотурларды ұйымдастыру кезінде көліктің экологиялық таза түрлерін қолдануына ықпал ету;

- экологиялық туризмнің дамуы мәселелері бойынша халықаралық ұйымдармен бірлесе қызмет атқару;
- экотуристтік қызметтің қоршаған ортаға нақты әсер етуіне бақылау жүргізу;
- жергілікті халық ұсынатын материалдарды, өнімдер мен қызметтерді қолдануын арттыру;
- жергілікті қоғамдастыққа негізделген экотуризмді дамыту;
- қоршаған ортаны қорғау саласында үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдармен бірлесе қызмет атқаруды жүзеге асыру.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Тлеубердинова А.Т. Жители Германии как целевой сегмент экологического и природного туризма Казахстана / А.Т. Тлеубердинова // Туризм: право и экономика. — 2017. — № 2. — С. 18–22.
- 2 World Travel Monitor® Data // International consulting group on tourism research, 2010 [Electronic resource]. — Access mode: <http://www.ipkinternational.com/>.
- 3 Тлеубердинова А.Т. Учет потребностей экологического туриста США при использовании природно-рекреационных ресурсов Казахстана / А.Т. Тлеубердинова, Д.М. Салауатова // Туризм: право и экономика. — 2014. — № 2. — С. 25–30.
- 4 The German Ecotourism Market. Special Report, Number 10. Capitan Naya 42, 28020 Madrid [Electronic resource]. — Access mode: [www.world-tourism.org](http://www.world-tourism.org).
- 5 Federal Ministry for Economic Co-Operation and Development (ed.): Ecotourism as an Instrument on Nature Protection. — Bonn, 1995 [Electronic resource]. — Access mode: <http://www.bmz.de/en/publications/index.html>.
- 6 Эйтингтон А.В. Структура экологического и медико-санитарного описания территории, вовлекаемой в туристское освоение / А.В. Эйтингтон, А.В. Дроздов // Актуальные проблемы туризма-99. Перспективы развития туризма в Южном Подмоскowie: сб. докл. и тез. сообщ. науч.-практ. конф. — 1999 г., апрель. — С. 25–27.
- 7 [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [www.stat.kz](http://www.stat.kz).
- 8 [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [ikaz.info/turizm-industriyasyny-damuyna-ser-etushi-faktorlar](http://ikaz.info/turizm-industriyasyny-damuyna-ser-etushi-faktorlar).
- 9 The Canadian Ecotourism Market. 2002 World Tourism Organization [Electronic resource]. — Access mode: [www.unwto.org](http://www.unwto.org).
- 10 Eagles P.F.J. Understanding the market for sustainable tourism. In: McCool, Stephen F.; Watson Alan E. (comps) Linking tourism, the environment and sustainability. [Volume of compiled papers from a special session of the annual meeting of the National Parks and recreation Association]. Available on the international Ecotourism Society website [Electronic resource]. — 1994. — Access mode: [www.ecotourism.org](http://www.ecotourism.org).
- 11 Hall, C. Michael and Alan Lew (Eds.). Sustainable Tourism: A Geographical Perspective (Addison Wesley Longman Ltd.). [Electronic resource]. — 1998. — Access mode: <http://www.academia.edu/17326482/>.
- 12 China Association of Travel Services The Current Status and Development Strategies of Chinese Travel Services [Electronic resource]. — 2006. — Access mode: [http://www.wta-web.org/eng/hymd\\_4014/yz/zglxsxh/](http://www.wta-web.org/eng/hymd_4014/yz/zglxsxh/).
- 13 China National Tourism Administration China Tourism Statistics (Online), available: [Electronic resource]. — 2009. — Access mode: <http://www.cnta.gov.cn/>.
- 14 Ivy Alliance Tourism Consulting Co., Ltd., Analysis Report of China Outbound Travel Market [Electronic resource]. — 2007. — Access mode: <http://www.ivyalliance.cn/?lang=en>.
- 15 Noel N. de Villiers. Open Africa Inbound Tourism Model (Online), available [Electronic resource]. — 2006. — Access mode: <http://www.africandream.org/>.
- 16 RNCOS E-Services Private Limited, South African Tourism Sector Analysis [Electronic resource]. — 2007. — Access mode: <http://www.rncos.com/Report/IM537.htm>.
- 17 Decree of the State Council of the People's Republic of China (Feb. 2009), № 550. Regulations on Travel Agencies [Electronic resource]. — Access mode: [http://www.fdi.gov.cn/1800000121\\_39\\_4577\\_0\\_7.html](http://www.fdi.gov.cn/1800000121_39_4577_0_7.html).
- 18 World Tourism Organization, Tourism Market Trends, 2007 Edition, UNWTO, Madrid [Electronic resource]. — 2008. — Access mode: <http://mkt.unwto.org/publications>.

А.Т. Тлеубердинова, Б.Р. Оспанов, А.Т. Джунисова

### **Потребительский спрос как основа формирования экологического турпродукта**

По мнению большинства экспертов, располагаемый природный потенциал республики и уровень развития туристской инфраструктуры определяют в качестве наиболее перспективного вида туризма для развития в Республике Казахстан на современном этапе экотуризм. Цель работы — определение общих потребительских предпочтений экотуристов на примере развитых стран Европы и Северо-Американского континента, необходимых для последующего формирования турпродукта. Работа представляет собой теоретико-эмпирическое исследование. В статье уточнено понятие «экологический туризм», определены его отличительные характеристики. Авторами проведен экскурс в историю возникновения экологического туризма, дано объяснение причин растущего спроса на него. Авторы



обосновывают актуальность развития такого вида туризма в Казахстане, приведены мероприятия по стимулированию его развития. Сделан сравнительный анализ предпочтений экотуристов различных стран и определены общие характеристики спроса на туристские услуги. В статье рассмотрен опыт зарубежных стран по анализу спроса потребителей на экотуризм. На основе истории международного туризма определены проблемы, наиболее часто препятствующие развитию экологического туризма. Представлены меры по активизации развития экотуризма в стране. Областью применения результатов исследования является деятельность субъектов туристской индустрии.

*Ключевые слова:* экологический туризм, потребители, предпочтения, экотуристы, «мягкий» туризм, «жесткий» туризм, национальный парк, пеший туризм, природный туризм, особо охраняемые территории.

A.T. Tleuberdinova, B.R. Ospanov, A.T. Junissova

## Consumer demand as a basis for formation of environmental turproduct

According to the majority of experts, the available natural potential of the republic and the level of development of tourism infrastructure are predetermined as the most promising type of tourism for development in the Republic of Kazakhstan at the current stage – ecological tourism. The purpose of the work is to determine the general consumer preferences of ecotourists, on the example of the developed countries of Europe and the North American continent, which are necessary for the subsequent formation of a tourist product. The paper is a theoretical-empirical study. The article clarifies the concept of «ecological tourism», its distinctive characteristics are defined. The authors conducted an excursus into the history of ecological tourism. The reasons for the growing demand for eco-tourism are explained. The authors substantiate the relevance of the development of ecological tourism in Kazakhstan. Examples are given of measures to stimulate the development of ecological tourism in Kazakhstan. The result of the work was a comparative analysis of the preferences of ecotourists from different countries and the definition of general characteristics of the demand for tourist services. The article examines the experience of foreign countries in analyzing consumer demand for ecological tourism. From the history of international tourism identified the problems that most often impede the development of ecological tourism. The authors defined measures to enhance the development of ecotourism in the country.

*Keywords:* ecological tourism, consumers, preferences, ecotourism, «soft» tourism, «hard» tourism, national park, hiking, nature tourism, specially protected areas.

## References

- 1 Tleuberdinova, A.T. (2017). Zhiteli Germanii kak tselevoi segment ekolohicheskoho i prirodnoho turizma Kazakhstana [Residents of Germany as a target segment of ecological and natural tourism in Kazakhstan]. *Turizm: pravo i ekonomika – Tourism: law and economics*, 2, 18–22 [in Russian].
- 2 World Travel Monitor® Data. International consulting group on tourism research (2010). Retrieved from <http://www.ipkinternational.com/>
- 3 Tleuberdinova, A.T., & Salauatova, D.M. (2014). Uchet potrebnosti ekolohicheskoho turista SShA pri ispolzovanii prirodno-rekreatsionnykh resursov Kazakhstana [Accounting for the needs of the US environmental tourist using the natural and recreational resources of Kazakhstan]. *Turizm: pravo i ekonomika – Tourism: law and economics*, 2, 25–30 [in Russian].
- 4 The German Ecotourism Market. Special Report, Number 10. Capitan Haya 42, 28020 Madrid. *world-tourism.org*. Retrieved from [www.world-tourism.org](http://www.world-tourism.org).
- 5 Federal Ministry for Economic Co-Operation and Development (ed.): Ecotourism as an Instrument on Nature Protection? Bonn, 1995. *bmz.de*. Retrieved from <http://www.bmz.de/en/publications/index.html>
- 6 Eitington, A.V., & Drozdov, A.V. (1999). Struktura ekolohicheskoho i mediko-sanitarnoho opisaniia territorii, vovlekaemoi v turistskoe osvoenie [Structure of the ecological and medical-sanitary description of the territory involved in tourism development]. Proceedings from Actual problems of tourism '99. Prospects for the development of tourism in the southern suburbs: *nauchno-prakticheskaja konferentsiia – scientific and practical conference*. (1999, April). Moscow [in Russian].
- 7 *stat.kz*. Retrieved from [www.stat.kz](http://www.stat.kz).
- 8 *ikaz.info*. Retrieved from [ikaz.info/turizm-industriyasyny-damuyna-ser-etushi-faktorlar](http://ikaz.info/turizm-industriyasyny-damuyna-ser-etushi-faktorlar).
- 9 The Canadian Ecotourism Market (2002). World Tourism Organization. *unwto, e-library*. Retrieved from [www.unwto.org, e-library](http://www.unwto.org/e-library).
- 10 Eagles, P.F.J. (1994). Understanding the market for sustainable tourism. In: McCool, Stephen F.; Watson Alan E. (comps) Linking tourism, the environment and sustainability. [Volume of compiled papers from a special session of the annual meeting of the National Parks and recreation Association]. (Available on the international Ecotourism Society website: *ecotourism.org*. Retrieved from [www.ecotourism.org](http://www.ecotourism.org).)
- 11 Hall, C. Michael & Alan Lew (Eds.). (1998). Sustainable Tourism: A Geographical Perspective (Addison Wesley Longman Ltd.). *academia.edu*. Retrieved from <http://www.academia.edu/17326482/>.

12 China Association of Travel Services (2006), The Current Status and Development Strategies of Chinese Travel Services. *wta-web.org*. Retrieved from [http://www.wta-web.org/eng/hymd\\_4014/yz/zglxsxh/](http://www.wta-web.org/eng/hymd_4014/yz/zglxsxh/)

13 China National Tourism Administration (2009). China Tourism Statistics (Online), available: *cnta.gov*. Retrieved from <http://www.cnta.gov.cn/>

14 Ivy Alliance Tourism Consulting Co., Ltd. (2007). Analysis Report of China Outbound Travel Market. Retrieved from *ivyalliance.cn*. <http://www.ivyalliance.cn/?lang=en>

15 Noel, N. de Villiers (2006). Open Africa Inbound Tourism Model (Online), available: *africandream.org*. <http://www.africandream.org/>.

16 RNCOS E-Services Private Limited (2007). South African Tourism Sector Analysis. *rncos.com*. <http://www.rncos.com/Report/IM537.htm>.

17 Decree of the State Council of the People's Republic of China (Feb. 2009), № 550. Regulations on Travel Agencies. *fdi.gov.cn*. [http://www.fdi.gov.cn/1800000121\\_39\\_4577\\_0\\_7.html](http://www.fdi.gov.cn/1800000121_39_4577_0_7.html).

18 World Tourism Organization (2008). Tourism Market Trends, 2007 Edition, UNWTO, Madrid. *mkt.unwto.org*. Retrieved from <http://mkt.unwto.org/publications>.

Репозиторий КАРГУ